

Тікелей инвестициялар статистикасына әдіснамалық түсіндірме

Тікелей инвестордың тікелей инвестициялау кәсіпорнын бақылауға немесе оны басқаруға әсер ету мүмкіндігін алу екі тәсілмен қамтамасыз етілуі мүмкін:

(а) тура тікелей инвестиция – тікелей инвестордың кәсіпорынның акционерлік капиталындағы үлесі 10 және одан көп пайызды құрайды;

(б) жанама тікелей инвестиция – инвестор өз кезегінде сол үшінші кәсіпорынның тікелей инвесторы болып табылатын басқа кәсіпорындағы дауыстар пакетіне ие болу арқылы әсер ете алады. Дара инвесторлар – жеке тұлғалар, дара инвесторлардың топтары, корпорацияланған және корпорациялмаған жеке және мемлекеттік кәсіпорындар, үкіметтер, халықаралық және қоғамдық ұйымдар және экономиканың басқа да субъектілері тікелей инвесторлар ретінде бола алады.

Тікелей инвестициялау кәсіпорындарына: (а) еншілес компаниялар (subsidiaries) – тікелей инвестор бақылайтын кәсіпорындар; (б) қауымдасқан компаниялар (associates) – тікелей инвестор әсер ете алатын, бірақ оларға бақылау жасай алмайтын кәсіпорындар.

Үлестес кәсіпорындарға (affiliates) тікелей инвестор, осы тікелей инвестордың еншілес және қауымдасқан кәсіпорындары және бір тікелей инвестордың бақылауындағы немесе ықпалындағы тікелей инвестициялары бар басқа кәсіпорындар (fellow enterprises) жатады.

Активтер мен міндеттемелер қағидаттарына сәйкес тікелей инвестициялар статистикасы Қазақстанға қатысы бойынша инвестициялар позициясына қарай қалыптастырылады: Қазақстан резидентінің шетелдегі активі немесе бейрезиденттер алдындағы міндеттеме. Осылайша, активтер резидент тікелей инвесторлардың және резидент тікелей инвестициялау -кәсіпорындарының активтерін қамтиды. Осыған ұқсас, міндеттемелер резидент тікелей инвесторлардың және тікелейрезидент инвестициялау кәсіпорындарының міндеттемелерін қамтиды.

Қазақстанның тікелей инвестициялар бойынша активтеріне:

- 1) Қазақстан Республикасының резиденті тікелей инвестордың бейрезидент болып табылатын тікелей инвестициялау кәсіпорнына инвестициялары;
- 2) Қазақстан Республикасының резиденті болып табылатын тікелей инвестициялау кәсіпорнының бейрезидент тікелей инвесторға кері инвестициялары;
- 3) Қазақстан Республикасының резиденті болып табылатын тел кәсіпорындардың бейрезидент тел кәсіпорындарына инвестициялары кіреді.

Қазақстанның тікелей инвестициялары бойынша міндеттемелеріне:

- 1) бейрезидент тікелей инвестордың Қазақстан Республикасының резиденті болып табылатын тікелей инвестициялау кәсіпорнына инвестициялары;
- 2) бейрезидент болып табылатын тікелей инвестициялау кәсіпорнының оның тікелей инвесторы болып табылатын Қазақстан Республикасының резиденті кәсіпорнына кері инвестициялары;
- 3) бейрезидент болып табылатын тел кәсіпорындардың Қазақстан Республикасындағы өзінің тел кәсіпорындарына инвестициялары кіреді.

Инвестициялар бағыттарының қағидаттарына сәйкес қалыптастырылған деректерде тікелей инвестордың әсер етуінің бағыттары көрсетіледі және кері инвестициялар бойынша ағындар және бастапқы бақылаушы инвестордың резиденттігіне байланысты тел кәсіпорындары арасындағы операциялар ескеріледі.

Қазақстаннан шығатын тікелей инвестициялар мыналарды:

- 1) бейрезидент болып табылатын тікелей инвестициялау кәсіпорнына қатысты Қазақстан Республикасының резиденті болып табылатын тікелей инвестор кәсіпорынның таза

активтерін (тікелей инвестициялау кәсіпорнына қатысты тікелей инвестордың пассивтерін шегергендегі тікелей инвестициялау кәсіпорнына қатысты тікелей инвестордың активтері);

- 2) егер бастапқы бақылаушы инвестор Қазақстан Республикасының резиденті болып табылса, бейрезидент тел кәсіпорындарға қатысты Қазақстан Республикасының резиденттері болып табылатын кәсіпорындардың таза активтерін қамтиды.

Қазақстанға кіретін тікелей инвестициялар мыналарды:

- 1) бейрезидент тікелей инвесторға қатысты Қазақстан Республикасының резиденті болып табылатын тікелей инвестор кәсіпорынның таза міндеттемелерін (тікелей инвесторға қатысты тікелей инвестициялау кәсіпорнынның активтерін шегергендегі тікелей инвестициялау кәсіпорнынның міндеттемелерін);
- 2) егер бастапқы бақылаушы инвестор Қазақстан Республикасының резиденті болып табылмаса, бейрезидент тел кәсіпорындарға қатысты Қазақстан Республикасының резиденттері болып табылатын кәсіпорындардың таза міндеттемелерін қамтиды.

Осылайша, Қазақстан Республикасының резиденттері тікелей инвесторларға қатысты барлық ағындар мен қорлар шетелге шығатын тікелей инвестициялар ретінде ұсынылған, ал Қазақстан Республикасының резиденттері тікелей инвестициялау кәсіпорындарына қатысты барлық ағындар мен қорлар Қазақстанға кіретін тікелей инвестициялар ретінде ұсынылған.

Тікелей инвестициялар статистикасының екі қағидат бойынша көрсеткіштері деректерді топтастыру бөлігінде ғана ерекшеленеді. «Тікелей инвестициялар, нетто» көрсеткіші салым бағыты бойынша тікелей инвестициялардың ағындары бойынша төлем балансындағы «Тікелей инвестициялар» бабы бойынша сальдоға сәйкес келеді.

Шетелдік тікелей инвесторлардан Қазақстан Республикасына тікелей инвестициялардың **жалпы әкелінуі** капиталға қатысу құралдарын ұлғайту, қайта инвестицияланған кіріс және борыштық құралдарды ұлғайту кіреді. Бағыттылық қағидатына сәйкес (*ТБН5*) капиталға қатысу құралдары нетто-негізде көрсетіледі (сатып алу минус сату), ал активтер мен міндеттемелер қағидаттарына сәйкес (*ТБН6*) олар міндеттемелерде жалпы негізде көрсетіледі.

Қазақстанға тікелей инвестициялар қазақстандық тікелей инвестициялау кәсіпорындарына тікелей инвестицияларды білдіреді. **Шетелге** тікелей инвестициялар – резиденттердің шетелдік тікелей инвестициялау объектілеріне тікелей инвестициялар.

Салым бағыты бойынша тікелей инвестициялар (кезең соңындағы позиция) белгілі бір күнгі жағдай бойынша шетелге жіберілген және Қазақстан шетелден алған инвестициялардың жинақталған көлемін көрсетеді.

Салым бағыты бойынша тікелей инвестициялар (кезең ішіндегі ағындар) белгілі бір кезең уақытындағы экономикалық операцияларды көрсетеді.

Тікелей инвестициялардың таза әкелінуі/әкетілуі капиталға қатысу құралдары бойынша (сатып алу минус сату) және борыштық міндеттемелер бойынша (борыштық міндеттемелер минус олар бойынша төлемдер) сатуды немесе өтеуді ескере отырып деректерді көрсетеді.

Тікелей инвестициялардан кірістерге бөлінген кіріс (дивидендтер), бөлінбеген пайда/зиян және борыштық міндеттемелер бойынша кірістер (қаржы қарыздары, сауда кредиттері және борыштың басқа да түрлері бойынша сыйақы).

Тікелей инвестициялар ағындарын экономикалық қызмет түрлері бойынша бөлу үшін БҰҰ (Біріккен Ұлттар Ұйымы) (ISIC Rev.4) Халықаралық стандартты салалық жіктеу әдіснамасына және (NACE2) Еуропалық одақ елдерінің экономикалық қызметінің статистикалық жіктеуішке сәйкес келетін ОКЭД ГК РК 03-2007 Экономикалық қызмет түрлерін жалпы жіктеуші қолданылады.